

Satti қондырғысы
Бакуге жетті

3

Ембіліктер
8 баспаның кілтін
тапсырды

7

КМТФ: мы – социально
ответственная
компания!

8

ҚМГ спартакиадасы:
I топ іріктеу турнирі
мәресіне жетті

11

munailymeken.kz

Munaily meken

№ 06
Маусым
2019 жыл

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік басылымы

Газет 2005 жылдың 29 желтоқсанынан шыға бастады

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК



«I-P-2» жобасы бойынша келісімге қол қойылды

2019 жылғы 7 маусымда Петербург халықаралық экономикалық форумы шеңберінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев пен «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ Президенті Вагит Алекперов «I-P-2» жобасы бойынша Қағидаттар туралы келісімге қол қойды.

Қол қойылған құжатқа сәйкес, екі компания ынтымақтастықтың негізгі шарттарын келісті және Каспий теңізінің қазақстандық бөлігінде орналасқан «I-P-2» жобасын бірлесіп іске асыруға дайын екендерін білдірді.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, тараптар «I-P-2» теңіз учаскесінде жер қойнауын пайдалану құқығын алу мақсатында Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігімен келіссөздердің келесі кезеңін өткізуді жоспарлап отыр. Келесі кезеңде көмірсутек шикізатын барлау мен өндіруге келісімшарт жасалып, учаскеде жұмыс істеу үшін бірлескен кәсіпорын құрылады деп жоспарланып отыр.

«I-P-2» лицензиялық блогы Каспий теңізінің қазақстандық бөлігінде орналасқан. Блок маңындағы су тереңдігі 300-ден 400 метрге дейін, жағаға дейінгі қашықтық – 130 шақырым. Блок маңында әр жылдары 2D сейсмикалық жұмыстар жүргізілген еді.

«Серіктесіміз – «ЛУКОЙЛ» компаниясының Каспий теңізінің қазақстандық бөлігін игеруде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-мен ынтымақтастықты кеңейту туралы бастамасын құп көреміз. I-P-2 жобасы бойынша Қағидаттар туралы келісімге қол қойылуы біздің екіжақты серіктестік қарым-қатынасымыздың одан әрі дамуына серпін беретініне сенімдімін», – деп атап айтты «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ ынтымақтастығы стратегиялық болып табылады. Компаниялар Қарашығанақ, Теңіз, Құмкөл ірі жобалары, сондай-ақ Каспий құбыр консор-



циумы мұнай тасымалдау жобасы бойынша серіктестік орнатқан.

2019 жылғы 1 сәуірде Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі,

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және «ЛУКОЙЛ» ЖАҚ арасында «Жеңіс» теңіз учаскесінде көмірсутектерді барлау мен өндіруге келісімшарт жасалды. [M](#)

ҚМГ-ның 2019 жылдың 3 айындағы топтастырылған өндірістік нәтижелері



Мұнай және газ конденсатын өндіру мың тонна

Мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі 5 939

«Өзенмұнайгаз» АҚ	1 360
«Ембімұнайгаз» АҚ	715
«Қазақтүрікмұнай» ЖШС	101
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ (50%)	783
«Қазгермұнай» БК» ЖШС (50%)	311
«Қаражанбасмұнай» АҚ (50%)	267
«Қазақойл Ақтөбе» ЖШС (50%)	81
«ПетроҚазақстан Инк.» АҚ (33%)	228
«Амангелді Газ» ЖШС	5
«Теңізшевройл» ЖШС (20%)	1 521
«ҚМГ Қарашығанақ» (10%)	271
«ҚМГ Қашаған б.в.» (8,4%)	297



Газ тасымалдау млн.м³

Бағыттар бойынша 25 876

Халықаралық транзит	12 905
Экспортқа тасымалдау	6 483
Ішкі тасымалдау	6 488

Компаниялар бойынша 25 876

«Интергаз Орталық Азия» АҚ	17 721
«Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС (50%)	1 540
«Азия газ құбыры» ЖШС (50%)	5 903
«ҚазТрансГаз-Аймақ» АҚ	711



Мұнай тасымалдау мың тонна

Мұнай тасымалдау көлемі 19 872

«ҚазТрансОйл» АҚ	11 044
«МұнайТас» ЖШС (51%)	420
Каспий Құбыр Консорциумы (20,75%)	3 357
Қазақстан – Қытай құбыры (50%)	1 983
«Қазақтеңізкөлікфлоты» ЖШС	2 855
Батуми мұнай терминалы	213

Мұнайдың жүк айналымы көлемі, млн.тонна/км 11 276



Мұнай өңдеу мың тонна

Өңдеу көлемі 4 643

«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС	1 263
«Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС	1 381
KMG International	1 336
«ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС (50%)	622
«Caspi Bitum» ЖШС (50%)	41



ҚазМұнайГаз бен Епі ынтымақтастық аясын кеңейтуде

11 маусымда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және «Аджип Каспиан Си Б.В.» («Епі S.p.A.» компаниясының үлестес тұлғасы) ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды. Құжат қос компанияның өзара қарым-қатынасын әрі қарай кеңейтуді көздейді. Меморандумға сәйкес тараптар алдыңғы қатарлы әдістемелер мен «ноу-хау» алмасуды қоса алғанда, көмірсутектерді барлау және өндіру саласындағы технологиялық ынтымақтастық, барлау және өндіру саласындағы бірлескен жобаларды дамыту үшін мүмкіндіктерді зерттеу, ҚМГ компаниялар тобының қызметкерлері үшін оқыту бағдарламаларын іске асыру бағыттары бойынша серіктестік орнату жөнінде келісті.

ҚМГ мен Епі ұңғымаларды бұрғылау және айдау, қабаттарды кешенді модельдеу, кеннің қалған әлеуетін

зерттеу, өндіруді арттыру әдістері және т.б. қатысты мәселелер бойынша білім мен тәжірибе алмасуға бағытталған тұрақты кеңестер өткізуді жоспарлап отыр.

«Біз қос компанияның арасындағы ұзақ мерзімді әріптестікті нығайтуды жалғастырамыз. Бүгінгі меморандум соның тағы бір дәлелі болып табылады. Компаниялардың табысты өзара ынтымақтастығы өндіріспен қатар білім беру саласын да қамтитын болады» - деп атап өтті ҚМГ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев.

«Бүгінгі кездесуде «ҚазМұнайГаз» бен Епі-дің ортақ жобалары, әріптестігіміздің келешегі талқыланды. Қос компания бірлескен қызметті өзара ынтымақтастықтың жаңа сапалы деңгейіне шығаруға ниет білдірді» - деп айтты «Епі S.p.A.» компаниясының барлау және өндіру жөніндегі бас директоры Антонио Велла. **MI**

Газ-химиялық кешен құрылысы қарқын алды

Маусымның 18-і күні жұмыс сапарының аясында «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Басқарма төрағасы Ахметжан Есімов, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев және Атырау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев «Біріктірілген газ-химиялық кешені» (I кезең – полипропилен өндірісі) құрылысының барысымен танысты.

Делегация «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағының аумағында орналасқан кешеннің құрылыс алаңдарын, жаңадан жабдықталған уақытша құрылыс қалашығын аралады.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшылығының және «Біріккен химиялық компания» ЖШС еншілес ұйымдарының қатысуымен өткен кеңейтілген мәжіліс барысында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының мұнай өңдеу және маркетинг жөніндегі орынбасары – «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС Басқарма төрағасы Данияр Тиесов құрылыстың қазіргі жағдайы, инжиниринг, жабдық пен материалдарды сатып алу мен жеткізу жұмыстары туралы баяндады. Атап айтқанда, зауыттың бас жоспарын бекіту, технологиялық кестелер және құрылыс алаңына арналған жұмыс құжаттамасын әзірлеу жөнінде сөз қозғалды. Сондай-ақ, Д.Тиесовтің айтуы бойынша кәсіпорынның 3D-үлгісінің 60%-ы әзірленді. Кешенді жобалауға «Қазақ мұнай және газ институты» қатысуда.

Тіреуіштерді қағу, бұрғылау-тығыздау тіреуіштерді

орнату жөніндегі жұмыстар аяқталды. Іргетасты қалау бойынша негізгі жұмыстар орындалды. Жерасты коммуникациялары тартыла басталды.

Біріктірілген газ-химиялық кешен құрылысына жергілікті тауар өндірушілері жұмылдырылған. «АтырауМұнайМаш» ЖШС, «Петропавл ауыр машина жасау зауыты» ЖШС, «Имсталькон» ЖШС және басқалар жабдық пен материалдарды шығару және жеткізумен айналысады.

Құрылыс алаңдарында жұмыс істеп жатқан 36 қосалқы мердігердің 33-і – жергілікті компания болып табылады. Сапар қорытындысы бойынша «Самұрық-Қазына» қорының басшысы Ахметжан Есімов осы жобаның Қазақстан Республикасының экономикасы және мұнай-химия өнеркәсібін дамыту үшін айрықша маңыздылығын атап өтті. Сондай-ақ жоба «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ға сенімді басқаруға берілгеннен кейін оның дамуындағы оң тенденцияны атап өтіп, кешенді уақтылы аяқтауды тапсырды.

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның 2018 жылғы 28 маусымдағы тапсырмасына сәйкес жоба «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ға сенімді басқаруға берілді. Жоба берілген уақыттан бері құрылыс жұмыстарын кең көлемде жүргізіп, оларды қарқынды ілгерілету бойынша шаралар қабылданды, құрылыс кестесі оңтайландырылды және Қазақстан Республикасында ірі жобаларды іске асыруда тәжірибесі бар мамандар тартылды. **MI**



Satti бұрғылау қондырғысы Баку қаласына жетті



Маусымның 19-ы күні Баку қаласында қазақстандық өзі көтерілетін қалқымалы Satti бұрғылау қондырғысын ресми қабылдау салтанаты өтті. Шараға «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев және Әзірбайжанның Socar мемлекеттік мұнай-газ компаниясының президенті Ровнаг Абдуллаев қатысты.

«Мұндай жобалар екі компания арасындағы достық пен ынтымақтастықтың нышаны болып табылады. Біз алдағы уақытта да серіктестерімізбен бірлескен қызметімізді одан әрі дамытып, ортақ жобаларды бірге іске асыруға мүдделіміз. Бұл қос тарап үшін мүмкіндіктер аясын кеңейтіп қана қоймай, қазақстандық мұнай-газ секторының құзыреті мен бәсекеге қабілетін арттыруға жағдай туғызады» - деп атап өтті өз сөзінде А.Айдарбаев.

Satti бұрғылау қондырғысы – бұл толығымен Қазақстанда құрастырылған

алғашқы платформа. Ол үш жыл бойы Американың озық технологиялары бойынша екі верфте салынды. Қондырғы Каспий теңізінде 80 метрге дейінгі тереңдікте бұрғылау жұмыстарын жүргізуге арналған. Қондырғыны пайдалану аясында оны жаңғырту жоспарланып отыр. Бұл 6 000 метрге дейін тереңдіктегі барлау ұңғымаларының қауіпсіз әрі тиімді бұрғылауын қамтамасыз етуге

мүмкіндік береді. Қазақстан-Әзірбайжан мамандарының командасы жасақталды. Олар бұрғылау жұмыстарына қатысып, техникалық қолдау көрсететін болады.

Еске сала кетейік, 2019 жылғы ақпан айында ҚМГ қондырғыны SOCAR компаниясына сенімді басқаруға беру жөнінде келісті. Маусымның 14-і күні ҚМГ еншілес ұйымы «Қазақтеңізкөлікфлоты» қондырғыны Құрық портынан Баку қаласына тасымалдауға кірісті. **MI**



«Безопасность – требование времени!»

Это часто произносимая в последнее время фраза, которая также в полной мере относится к современной нефтегазовой отрасли Казахстана.

Достаточно сказать, что АО НК «КазМунайГаз» (КМГ) контролирует нефте- и газопроводы общей протяженностью более 16 тысяч километров, три нефтеперерабатывающих завода на территории страны и два – в Румынии, большое количество нефтегазодобывающих месторождений как на суше, так и на море, нефтеналивные терминалы и объекты инфраструктуры.

Все эти активы, стратегически значимые для страны, должны быть максимально защищены и безопасны. Вопросы противодействия терроризму, киберпреступности и экономическим преступлениям, создания и поддержания здорового социального климата в коллективах сегодня очень важны и входят в орбиту интересов системы корпоративной безопасности КМГ.

Расширенное совещание, состоявшееся в конце мая в г. Нур-Султан, было призвано определить основные приоритеты и ожидания связанные с этим направлением. В мероприятии приняли участие руководители и эксперты ведущих структурных подразделений КМГ, представители служб корпоративной безопасности, службы комплаенс, омбудсмен, представители правового и социального блоков КМГ, более 30 нефтегазовых компаний и охранных организаций.

Открывая совещание, заместитель председателя Правления АО НК «КазМунайГаз» Даурен Карабаев отметил, что группа компаний КМГ вошла в период структурных преобразований, трансформации бизнес-процессов, связанных с переходом к новой операционной модели управления, и сегодня назрел вопрос комплексного пересмотра процессов управления безопасностью.

В этой связи руководство КМГ ожидает от блока корпоративной безопасности системной работы, основанной не только на профилактике и предупреждении внутренних и внешних угроз, но и на активном внедрении современных подходов и инструментов, способных обеспечить максимальную защиту экономических, репутационных и иных интересов Компании.

Отдельно было сказано о большом значении, которое приобретает обеспечение информационной безопасности. В современ-



ном мире возникают новые риски и угрозы, связанные с цифровизацией ключевых бизнес-процессов компании. КМГ реализует проект внедрения Системы управления информационной безопасностью, в рамках которого разрабатываются и внедряются новые процессы, а также методология оценки рисков, средства автоматизации процесса управления инцидентами.

– Необходимо отметить, – сказал в заключение своего выступления Даурен Карабаев, – что на фоне выхода Компании на IPO, особого отношения к безопасности требуют инвесторы и акционеры.

Руководство Компании ожидает развития системы корпоративной безопасности по принципу вертикальной интеграции с каскадированием на уровень ДЗО. По аналогии с Корпоративным центром участие подразделений безопасности в бизнес-процессах необходимо закрепить во всех внутренних правилах и процедурах ДЗО.

Более детально о перспективах развития каждого направления рассказал директор по корпоративной безопасности Турысбек Алиаскаров.

Он отметил, что в рамках последних организационных изменений в КМГ существенно усилен профильный Блок корпоративной безопасности. Выделены в отдельные направления бизнес-процессы обеспечения экономической, внутренней, физической, а

также информационной безопасности, которые будут заниматься формированием корпоративных стандартов и политик безопасности, работать над повышением эффективности работы подразделений корпоративной безопасности КМГ и ДЗО в целом.

Руководитель блока безопасности компании не стал обходить «острые углы». Он особо отметил, что на предприятиях группы КМГ имеются отдельные проблемы, связанные с недостаточной численностью служб безопасности, разнородностью выполняемых функций, передаче отдельных задач иным подразделениям. В рамках дальнейшего развития системы управления безопасностью на основе комплексного подхода должна быть пересмотрена и усилена функциональная роль профильных подразделений ДЗО, осуществлен переход от традиционных к бизнес-ориентированным подходам, основанным на современных организационных и технологических решениях.

Необходима практическая реализация комплекса задач по защите прав и интересов группы КМГ от различных рисков и угроз экономической безопасности, прежде всего, через реализацию мероприятий по противодействию мошенничеству и коррупции, особенно в сфере закупок, недопущению хищений и нецелевого использования денежных средств, злоупотребления и превышения должностных полномочий, халатности и пр.

Особое значение приобретает обеспечение информационной безопасности. В рамках законодательного регулирования установлены Единые требования в области информационно-коммуникационных технологий и обеспечения информационной безопасности. Пересмотрены обязанности владельцев критически важных объектов инфраструктуры. Активно реализуется инициатива «Киберщит Самрук – Қазына», в периметр которой вошло 9 компаний группы КМГ. Для практической реализации имеющихся задач в Блоке корпоративной безопасности КМГ образован профильный отдел, который станет центром компетенций в сфере кибербезопасности группы.

Необходима активизация работы по усилению физической безопасности и антитеррористической защиты объектов, подчеркнул Т. Алиаскаров, их поэтапному оснащению эффективными инженерными и техническими средствами безопасности и охраны. Наряду с этим, необходимо усилить контроль деятельности подрядных охранных организаций в части качества оказываемых услуг, материально-технического оснащения, подготовки персонала, готовности к реагированию на нештатные ситуации.

Для решения профилактических задач важно обеспечить взаимодействие на местах с правоохранительными органами, что будет способствовать своевременному выявлению и предупреждению имеющихся рисков для Компании и отвечать интересам государства в целом.

Необходимо регулярно проводить комплексные учения и тренинги с привлечением персонала объектов, специальной, основной пожарной и аварийно-спасательной техники, мобильных групп охраны, аварийных бригад.

В ближайшее время основные усилия Блока корпоративной безопасности компании будут направлены, в том числе, на унификацию внутреннего нормативного регулирования вопросов физической безопасности по группе компаний КМГ, формирование единых подходов к построению единой системы безопасности КМГ и ДЗО. Продолжатся комплексные аудиты состояния безопасности и формирование базы данных объектов в целях повышения уровня защищенности активов. Будет пересмотрен механизм и объемы финансирования системы физической безопасности объектов, усилено взаимодействие с правоохранительными органами на местах. **MI**

«Биг-Бэг» для битума

ТОО «СП«CASPI BITUM» выполнило первую отгрузку пробной партии фасованного битума в биг-бэгах «Pörner Bitumen Bag» в Атыраускую область в количестве 12 тонн. Отгрузка была выполнена в жаркую погоду и благополучно доехала до заказчика.

В одну биг-бэг упаковку загружается 1 тонна битума в жидком состоянии. После застывания битум может доставляться различными видами транспорта на любые расстояния без потери эксплуатационных свойств, для последующего использования в дорожном строительстве. Это позволит диверсифицировать направления поставок битума конечным потребителям, в том числе и в удаленные от битумного завода регионы, а также выйти на новые экспортные рынки.

Фасовка в биг-бэг упаковки также позволяет не сокращать объемы производства битума во время снижения спроса (зимой) и накапливать запасы про-

дукции для обеспечения рынка в пиковые сезонные периоды (летом).

«Начало отгрузки фасованного битума в биг-бэгах «Pörner Bitumen Bag» для нас – знаковое событие, которое свидетельствует о том, что использование фасованного холодного битума позволяет потребителю не только сохранить качество материала, но и получить экономию на логистике при доставке и хранении битума. Кроме того, благодаря «биг бэгам» «Pörner Bitumen Bag» асфальтобетонные заводы сокращают расходы на поддержание битума в расплавленном состоянии в битумохранилищах, решая таким образом вопросы энергоэффективности», – прокомментировал Ерболат Кожобаев генеральный директор ТОО «СП «CASPI BITUM».

Биг-бэг – это современный, экологичный и удобный для транспортировки вид тары, позволяющий обеспечить долгосрочное хранение битума в твердом виде без потери его качества, в том числе вне открытых складов. **MI**



Әлеуметтік көмек – маңызды бағыттың бірі

Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау, жұмысшылардың еңбек ету және демалу жағдайларын жақсарту «Өзенмұнайгаз» АҚ саясатының маңызды бағыты болып табылады. Компания Жаңаөзен қаласының әлеуметтік-инфрақұрылымдық дамуына да ұдайы қолдау көрсетеді.

*Мақсат ИБАҒАРОВ,
«Өзенмұнайгаз» АҚ бас директорының
транспорт және әлеуметтік сұрақтар
жөніндегі орынбасары*

Нысандар 100 пайыз жаңартылды

Кәсіпорынның құрылыс қарқыны жоғары. Жыл сайын 10-нан аса нысан жаңаланады, 5-6 объект күрделі жөндеуден өтеді. Қазір компания бойынша 90 процент әлеуметтік нысандар толығымен жаңартылған деп айтуға болады.

Жаңартылған жолдар

Өзен-Қарамандыбас-Жетібай жолының 13 шақырымы жөндеуден өтті. Бұл облыстық маңызы бар жол. Оның 43 шақырымы біздің кенорындар арқылы өтеді. 2018 жылы жолдың 85 пайызы толық жөндеуде. Биыл 100 пайызға жаңартамыз деген меже қойып отырмыз. Жалпы соңғы 4-5 жылдықта барлық өндірісшілік жолдар ретке келтірілді деп айтуға болады.

Әлеуметтік материалдық көмек

Құрылыс нысандарынан бөлек, ұжымдық шартта қаралған әлеуметтік көмектердің бәрі қамтылды. Мерекеге сыйақылар, материалдық көмектер, Ауған соғысы ардагерлеріне, мүгедектерге, зейнеткерлерге төленетін төлемдер уақтылы жасалды. 4300 бала еліміздің әр аумағында жазғы лагерьлерде, 2500 қызметкер емдеу-сауықтыру орындарында демалады. Кендірлі аймағында орналасқан 1 күндік демалыс базасы, «Медикер» дәрігерлік-оңалту орталығында да жылына мыңнан аса қызметкеріміз емдомын қабылдайды. Демалыс орындарына мұнайшылардың шағымы жоқ, сапасы жақсы, жолдама саны да жоғары. Бұл орайда әлеуметтік сала қызметкерлерінің еңбегі зор.

Мұнайшылар қоғамдық іс-шараларда белсенді

«Өзенмұнайгаз» АҚ қай кезде де қоғамдық-мәдени шаралар, спорттық жарыстар

ұйымдастырудан және мұндай іс-шараларға белсене қатысудан тыс қалған емес. Жыл сайын «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мекемелерінің қызметкерлері арасында өтетін «Үздік маман» байқауына, Спартакиада ойындарына үзбей қатысып, алдыңғы орындарды қанжығалап келеді.

Одан бөлек, Жас мамандар кеңесінің ұйымдастыруымен мұнайшылар арасында Жайдарман ойыны, рационализаторлық жобалар байқауы дәстүрлі түрде өтеді. 2018 жылы компаниямыздың жастары команда құрып, республикалық Жайдарман жоғарғы лигасында өнер көрсетті. «Өзенмұнайгаз» АҚ республика деңгейінде Жайдарманда ойнап жүрген бірден бір өндірістік мекеме. Мұндай шаралардың компания имиджін көтеруде үлесі зор.

Корпоративті «Өзен» газеті, «Өзен TV» телеарнасы да қызметкерлерімізді дер кезінде қажетті ақпаратпен қамтып отыру үшін іске қосылған болатын. Қазір бұл жобалар өз жемісін беріп, тиісті деңгейден көрінуде. Компанияның экономикалық-әлеуметтік өмірі осы ақпарат көздерінде қамтылып келеді.



Компаниядан – 50 жылдыққа сый

2018 жылы Жаңаөзен үшін тарихи жыл болды. Сүйікті қаламызға 50 жыл толды. Компания «50 жылға – 50 шара» деген ұранмен қала әкімдігімен бірлесе отырып көптеген ауқымды шараларды қосыла атқарды.

Қала тарихынан, өлкенің құрылуына, дамуына үлес қосқан азаматтардың өмірінен сыр шертетін «Қойнауы құтты Жаңаөзен» энциклопедиясының жарық көруіне «Өзенмұнайгаз» АҚ 60 млн. теңге көлемінде қаражат бөлді. Концерттік бағдарламалар,



алыс-жақыннан шақырылған қонақтарды күтіп алу, елімізге белгілі әртістерді шақыру, спорттық жарыстар ұйымдастыру жағынан демеушілік көрсетті.

Өңірдегі бұқаралық спортты дамыту мақсатында компаниямыздың тікелей ұсынысымен «Samruk-Kazyna Trust» АҚ қолдауымен қалаға 10 спорттық street workout (көше жаттығу алаңы) және №7, №10 орта мектептердің жанынан әмбебап спорт алаңдары салынды. Қаладағы орта білім беретін 10 мектептің әрқайсысына 13 компьютерден сыйға тартылды.

Компанияда сенбілік, көгалдандыру жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылады, төтенше жағдайларда техникамен қамтамасыз етіледі және қаржылай көмектер көрсетіледі. Мүгедектер қоғамы, ардагерлер ұйымы, спорт клубтары да назардан тыс қалған емес. «Мектепке жол» акциясы аясында биыл компания атынан 140 бала мектепке керек-жарақпен қамтылды.

2017 жылдың қараша айында Жаңаөзен-Теңге теміржолы өткелінде тепловоз бен жолаушы тасымалдайтын ГАЗель маркалы автокөліктің соқтығысуы салдарынан 9 адам қайтыс болып, 27 адам әр түрлі дене жарақатын алған. Зардап шеккендердің арасында болған 10 жасар Динара Тынымбаева қайғылы оқиға салдарынан екі аяғынан айырылды, бас сүйек-ми зақымы және оң жақ санының орнынан жылжып, сынғандығы анықталды. «Өзенмұнайгаз» АҚ жол-көлік оқиғада зардап шеккендерге дер кезінде 10 млн. теңге көлемінде қаржылай қолдау көрсетті. Сонымен қатар, компания қызметкерлерінің жалақыларынан тағы 10 млн. теңге көлемінде қаражат жиналып, қайтыс болғандарға 200 мың теңге, жеңіл жарақат алғандарға – 100 мың теңге, ауыр жарақат алғандарға – 250 мың теңге, аса ауыр жарақат алған Динара Тынымбаева мен Бекарыс Досжановқа 2 384 мың теңге көлемінде қаражат бөлінді. Динара Тынымбаеваның ауыр материалдық жағдайы ескеріле отырып, протез салуға көмек беру мүмкіндігі қарастырылды.

Маңғыстау облыстық балалар ауруханасында сәтсіз жасалған ота салдарынан оң жақ саны қисық бітуіне байланысты протез салу мүмкін еместігі анықталды. Сондықтан Динара анасы Ғ.Еңсегеновамен және «ӨМГ» АҚ жауапты қызметкері Ә.Сүйебаймен бірге Ресейдегі Қорған қаласындағы «Г.Илизаров атындағы ортопедия және травматология орталығына» жіберілді. Өткен жылдың наурыз айында аталған орталықта Динараның оң жақ санына ота жасалынып, «Илизаров аппараты» орнатылды. Протез салу мақсатында Еуропа, Шығыс Азия, АҚШ-тың клиникаларымен келіссөздер жүргізілді. Осы диагнозды Дудерштад қаласындағы «Otto bock», Берлин қаласындағы «Vivantes» клиникаларының дәрігерлері де растады. Нәтижесінде 2018 жылдың қарашасында «Vivantes» клиникасында Д.Тынымбаеваға сәтті ота жасалынып, оң аяғының тұқылы протездеуге дайындалды. Жуырда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басшысы А.Айдарбаевтың бастауымен протез жасатуға 16,5 млн. қаражат бөлінді. Қазіргі таңда Германияның Дудерштад қаласындағы «Otto

bock» клиникасында Динараға протез салынып, оңалту-жаттығу жұмыстары жүруде.

Заманауи нысандар

Жаңа технологиялармен жабдықталған, қазіргі заман талабына сай салынған №1 МГӨБ-ке қарасты Жерасты жабдықтарын диагностикалау және жөндеу цехы, Мұнай өнеркәсібі құралдарын және телекоммуникацияларды жөндеу басқармасы, Мұнай дайындау және өндіріске қызмет көрсету басқармасында зертхана салынып, мұнайшылар игілігіне берілді.

Техникалар зауыттардан таңдалады

«Өзенмұнайгаз» АҚ балансында 1500 транспорттық техника бар. Жыл сайын жоспар бойынша 100-120 көлік көлік жаңаланып отырады. 2018 жылы 108 транспортты жаңаладық. Оның ішінде заманауи 44 адамдық 4 Hyundai eugo-5 автобустарын алдық. Транспорттың басым бөлігі ең соңғы үлгідегі ЕВРО-3, ЕВРО-4, ЕВРО-5 стандартындағы техникалар.

Мекеменің 60 пайызы КАМАЗ автокөлігінің базасында болғандықтан, біз негізінен Көкшетау қаласындағы «КАМАЗ-Инжиниринг» АҚ және ресейлік ең ірі автомобиль корпорациясы «КАМАЗ» ААҚ-мен тығыз жұмыс істейміз. Набережные Челныда орналасқан соңғы зауыттың іргетасы сонау Кеңес дәуірінде 1969 жылдары қаланған. ТМД бойынша зауыттың 50 мың жұмысшысы бар. Күніне 200 техника, жылына орта есеппен 38-39 мың дайын көлік шығарады. Өнімдерін ТМД ердерінен бастап сонау Еуропа, Америкаға экспорттайды. Осындай алпауыт кәсіпорыннан жылына 100-ден астам техника сатып алынады. Өнімді жасау процесін, өндірісте қалай жұмыс істейтінін өз көзімізбен көру үшін «КАМАЗ» орталығына арнайы тур да ұйымдастырылды. Бүгінде біз осындай техника әлеміндегі «гиганттарға» өз шарттарымызды қойып, оны орындата алатын дәрежедеміз. Бұл – біздің мамандарымыздың жоғары біліктілігінің тағы бір айғағы. Сол үшін де транспорт саласындағы қызметкерлерге, өндірістегі жігіттерге көптен көп алғысымды айтамын.

Жұмыс көп, жоспар жетерлік

Атқарылған іс аз емес, алдағы жұмыс одан да көп. «Береке – бірлікте, ырыс – ынтымақта» демекші, алға қойылған жоспарлар компания ұжымының ауызбіршілігі арқасында ғана жүзеге аспақ. Сол үшін де барша «Өзенмұнайгаз» АҚ ұжымын компанияның алға жылжуы мен өсіп-өркендеуі жолындағы еңбектері үшін зор ризашылығымды білдіре отырып, артылған жүкті біріге көтеруге шақырамын. **NI**



Қамқорлық



Ембіліктер 8 баспананың кілтін тапсырды

«Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің бір күндік жалақысы есебінен Атырау облысының Құрманғазы, Исатай, Мақат, Жылыой, Қызылқоға аудандарындағы көп балалы және әлеуметтік жағынан аз қамтылған, баспанасы жоқ 8 отбасыға жаңа баспана алып берілді.

Қасиетті Рамазан айы қарсаңында «Ембімұнайгаз» АҚ ұжымы қайырымдылық шарасын ұйымдастырған болатын. Бұған Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбековтың өзі ұйытқы болды. Басшының Компания ұжымына қасиетті айда мұқтаж жандарға қамқорлық жасауға шақырған үндеуі ұжым тарапынан қолдауға ие болды. Осылайша, қызметкерлердің бір күндік жалақысы есебінен жиналған қаражатқа баспанасыз жүрген, көп балалы және әлеуметтік жағынан аз қамтылған жерлестерімізге көмек көрсетілді. Алдымен арнайы комиссия құрылып, аудан әкімдіктерімен бірлесе отырып, тұрмыс жағдайы нашар отбасылардың тізімі жасақталды. Көмекке мұқтаж жандардың жағдайлары жан-жақты зерттелді. Комиссия мүшелерінің аудандардағы 2 апталық жұмыстарынан соң, облыстың бес ауданынан сегіз отбасыға баспана сатып алып беру туралы шешім қабылданды.

Әлеуметтік көмекке зәру отбасылар үшін сатып алынған жаңа қоныстың кілтін табыстау

шарасы Атырау облысы Құрманғазы ауданынан бастау алды. Құрманғазы ауданының орталығы Құрманғазы ауылында 6 бала тәрбиелеп отырған Виктор мен Анастасия Ким отбасына 3 бөлмелі үй берілді.

Салтанатты шарада «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков құрманғазылықтар алдындағы сөзін ембілік мұнайшылардың бұл сауапты іске баруларына ненің қозғау салғанынан бастады.

– Осы жылдың наурыз айында Атырау облысына жасаған арнайы сапары кезінде ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Гүлшара Әдіхалықова мен Еңбек және әлеуметтік қорғау министрі Бердібек Сапарбаев ірі өндіріс басшыларымен, бизнес өкілдерімен кездескен болатын. Кездесу барысында әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларына қолдау көрсетіп, тұрғын үй мәселелерін шешіп беруге көмектесу жайы қозғалды. Осыған орай өзім жетекшілік ететін Компания ұжымына Рамазан айы қарсаңында бір күндік жалақылары

есебінен мұқтаж жандарға қол ұшын созу жөнінде үндеу тастадым. Ембілік мұнайшылар менің үндеуіме бірауыздан қолдау көрсетіп, нәтижесінде біраз қаражат жиналды. Міне, ембілік мұнайшылардың үлесімен облыста 8 отбасы баспаналы болып отыр, – деді өз сөзінде Әнуар Еркінұлы.

Баспана кілтін тапсыру салтанатты шарасы Исатай ауданының Исатай стансасында жалғасты.

Көп балалы Бауыржан Сүлейменовтың отбасы ауылдағы толықтай күрделі жөндеуден өткен, 3 бөлмелі жаңа пәтерге ие болды. Бұл орайда балалардың болашағына қамқорлық көрсетіп, отбасына көмек қолын созған ембілік мұнайшылардың қамқорлығына ауыл әкімі Ұлболсын Хисым жергілікті тұрғындар атынан шексіз алғысын білдірді.

Дәл осы күні Исатай ауданының орталығы Аққыстау селосында тағы бір отбасы жаңа баспанаға ие болды. Арман Оразақов – 5 баланың әкесі. Отағасы өзінің денсаулығына байланысты жұмыссыз, жұбайы бала тәрбиесімен үйде отыр. Отбасының қиын жағдайын ескерген ембіліктер Аққыстау селосындағы толық жөндеуден өткен 3 бөлмелі үйді тарту етті.

Қызылқоға ауданы бойынша да екі бірдей жаңа баспана тапсырылды. Мұқыр ауылындағы тәрбиесінде 3 баласы бар

жалғызбасты ана А.Бакишева мен Жамансор елді мекеніндегі екі қызы бар жалғызбасты әке Е.Ерсайын жаңа қонысқа ие болды.

Баспана тапсыру салтанатты шарасы Жылыой ауданының орталығы Құлсары қаласында жалғасып, оған жергілікті қарттар, аудан әкімшілігінің жауапты мамандары, ардагер мұнайшылар қатысты. Жаңа пәтерге ие болған 5 баласын бір өзі бағып отырған Г.Қарамолдиева ембіліктерге жүрек жарды алғысын жеткізді.

Бір аптаға созылған қайырымдылық шаралары Мақат ауданында қорытындыланды. Мақат кентінің тұрғыны Г.Әбденова – 7 бала тәрбиелеп отырған көп балалы ана. Көп балалы жанұяны қинаған баспана проблемасын түсіне білген ембілік мұнайшылар оларға жаңа пәтердің кілтін табыстады. Осы аудандағы Доссор кентінің тұрғыны Айгүл Сейітова – 6 бала тәрбиелеп отырған жалғызбасты ана. Жаңа баспанаға ие болған көп балалы отбасының тұрғылықты мекен-жайға тіркелу мәселесі де шешілді. Өзі жұмыссыз. Отбасының тұрғылықты мекен-жайі болмағандықтан, мемлекет тарапынан берілетін атаулы көмек те бұларға тиесілі болмаған. Қиналған отбасыға қол ұшын созған мұнайшылар оларға жаңа баспананы тарту етті.

Шара кезінде жаңа баспанаға ие болған барлық отбасыларға азық-түлік қорынан да көмектер ұйымдастырылды. **М**



Қуанышымызда шек жоқ!

*Сайын ӘБІШЕВ,
«Өзенмұнайгаз» АҚ, №1 СҚКБ
Әлеуметтік-әкімшілік қамту бөлімі басшысы*

«Өзенмұнайгаз» АҚ-ның №1 Сквжиналарға қызмет көрсету басқармасында 2018 жылдың қазан айында басталған әкімшілік ғимаратының бүгінде 90 пайызы бітіп тұр. Бұл – біздің ұзақ жылдарғы арманымыз болатын. «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ және өз компания басшылығы бізге арманның орындалатынын дәлелдеді.

Құрылысты «Қараойқұрылыс» ЖШС жүргізіп жатыр. Құрылыста 37 адам еңбек етуде, оның 10 адамы қалалық жұмыспен қамту бөлімі арқылы қабылданды.

Мен өз еңбек жолымды 1974 жылы осы басқармада бастадым. Ол кезде 18 жаста бола-

тынмын. Шілде айында зейнеткерлікке шығуға қамданып отырған жайым бар. Осы мекемеде табан аудармастан 45 жыл жұмыс жасаппын.

Бұрынғы ғимаратымыз 1980 жылы салынған еді. Әбден ескірді. Салынып жатқан ғимараттың бөлмелері де, дәліздері де кең, жарық әрі жайлы. Біздің ұжым компаниядағы №4 мұнай-газ өндіру басқармасына қызмет көрсетеді. Нақтырақ айтатын болсақ, аталған басқарманың жерасты цехтарын көтергіш агрегаттармен қамтамасыз етеміз.

Еңбек етуге қолайлы жағдай жасау арқылы, біз еңбек өнімділігінің артуына септігімізді тигіземіз. Керемет ғимарат салып беріп жатқан басшылыққа еңбек ұжымы атынан риясыз алғысымды білдіремін. Қуанышымызда шек жоқ! **М**

Социальная стабильность – главный ориентир

Согласно решению Отраслевой комиссии по социальному партнерству и регулированию социальных и трудовых отношений нефтегазовой отрасли в СП «Казгермунай» 14 июня прошел выездной семинар-совещание на тему: «Социальное партнерство в нефтегазовой отрасли».

Анна ТИТЕНОК



совместных мер по укреплению партнерства работодателей, государственных структур, профсоюзных объединений в вопросах сохранения социальной стабильности в трудовых коллективах предприятий нефтегазового сектора, а также обеспечении охраны труда и безопасности на рабочих местах.

Модератором встречи выступила Исполнительный директор Ассоциации «KAZENERGY» Ляззат Ахмурзина. Она рассказала о том, что текущий год Министерством труда и социальной защиты населения РК был объявлен Годом охраны труда, подвела краткий итог работы по модернизации Трудового кодекса республики.

Главный эксперт Управления по социальным и трудовым вопросам Департамента развития нефтяной промышленности МЭ РК Бакыт Маханов выразил благодарность руководству ТО «СП «Казгермунай» за органи-

зацию расширенного семинара, заметив, что Кызылординский регион выступил вторым в списке подобных выездных мероприятий, запланированных на этот год. Было отмечено, что совещание проходит в значимый для казахстанского нефтегазового комплекса год – год 120-летия казахстанской нефти. Б.Маханов затронул тему падения добычи нефти газа в Кызылординском регионе и значимости нефтегазового сектора для поддержания экономики области на должном уровне. Особый акцент докладчик сделал на роли Отраслевой комиссии в вопросах социального партнерства в нефтегазовой сфере, определив ее как значимую в вопросах заключения коллективных договоров на нефтегазодобывающих предприятиях, а также в выстраивании качественных взаимоотношений между работодателем, работником и профсоюзным комитетом.

Директор департамента социальной политики и внутренних коммуникаций АО НК «КазМунайГаз» Еркин Рахимбергенов представил вниманию участников совещания презентацию программы мер обеспечения социальной стабильности в группах компании КМГ. Он подробно описал, как построена система, какие обязательные разделы включает в себя модель коллективных договоров, озвучил правила унифицированных внутренних коммуникаций, раскрыл основные направления молодежной политики; сделал краткий обзор основных корпоративных мероприятий, способствующих налаживанию коммуникаций и укреплению корпоративного духа работников группы компаний. В завершении своего выступления Е.Рахимбергенов предоставил информацию по исследованию, проведенному Центром социальных связей и коммуникаций при АО «Самрук-Казына», согласно которому рейтинг социальной устойчивости Национальной компании «КазМунайГаз» ежегодно повышается, составив в 2018 году 74%.

Завершилась совещательная часть докладами руководителей Отраслевых профессиональных союзов нефтегазового комплекса и обсуждением роли профсоюзов в вопросах социального партнерства и обеспечения социальной стабильности в трудовых коллективах нефтегазового сектора.

Участники мероприятия прошли обучающий семинар по БиОТ, ПТМ и промышленной безопасности для работников нефтяных и газоперерабатывающих предприятий, проведенный Республиканским учебным центром «ПАРАСАТ». **М**

Казмортрансфлот: мы – социально ответственная компания!

Для Национальной морской судоходной компании стремление оказывать посильную помощь социально незащищенным слоям населения, участвовать во благотворительных акциях региона присутствия – Мангистауской области – всегда было важным и первостепенным делом.

Антон ДЕМКО,
специалист Департамента управления
персоналом НМСК «Казмортрансфлот»,
член Молодежного совета

акции «Дорога в школу». Двумстам детям из малообеспеченных семей Мангистауской области были подарены комплекты канцелярских принадлежностей (рюкзак, тетради, ручки и пр.), а также продуктовые наборы.

Нынешним летом в честь Международного дня защиты детей коллектив выступил спонсором благотворительной акции для 300 ребятишек из малообеспеченных и многодетных семей. Была организована интересная концертная программа, спортивные соревнования. Все дети получили подарки и сладости.

Стоит отметить, что в рамках мероприятий, организованных в честь празднования 20-летия НМСК «Казмортрансфлот», КМТФ организовал отдых 10 детей из малоимущих семей в детском оздоровительном лагере «Акбулак», расположенном в городе Алматы.

На протяжении 18-ти лет КМТФ шефствует над ветеранами и тружениками тыла Второй мировой войны, проживающими в городах Алматы и Актау. Коллектив на постоянной основе оказывает помощь в приобретении медикаментов и продуктов питания, приглашает участников Великой Отечественной войны и тружеников тыла на праздничные мероприятия КМТФ в качестве почетных гостей.

В преддверии Нового 2019 года коллектив НМСК «Казмортрансфлот» в качестве полезного подарка организовал годовую подписку на журнал «Ардагер.kz» для всех подшефных ветеранов, проживающих в городе Алматы и Мангистауской области.

В честь Дня Победы коллектив «Казмортрансфлота» по традиции поздравил находящихся под его попечительством ветеранов и тружеников тыла, навестив их в преддверии великого праздника. Ветеранам вручены



поздравительные адреса от Генерального директора КМТФ Марата Орманова и специальные подарки. В почетной миссии поздравления ветеранов приняли участие также и члены Молодежного совета КМТФ.

Предметом особой заботы компании является город Актау. Коллектив НМСК «Казмортрансфлот» участвует в общегородских мероприятиях по уборке и озеленению города: проводятся субботники в Доме престарелых и Доме малютки города Актау.

В зоне особого внимания НМСК «Казмортрансфлот» ежегодно – содержание подержанные порядка на кладбище «Кади», являющимся историческим памятником XIV–XX веков и частью культурно-исторического и духовного наследия казахского народа.

Социальная ответственность распространяется и на сферу здравоохранения. Коллектив НМСК «Казмортрансфлот» сотрудничает с Областным Центром Крови, и с каждым годом все больше сотрудников становятся донорами крови, участвуя в спасении пациентов больниц города и области.

Предметом особой гордости моряков КМТФ является строящийся современный спортивный комплекс «Центр бокса». Предложение руководителя КМТФ, являющегося председателем Ассоциации бокса области о его строительстве было поддержано акимом Мангистауской области, который выделил земельный участок в областном центре, и

уже с середины прошлого года началось строительство современного спортивного сооружения для актаусцев.

Проект комплекса предусматривает пять залов для тренировок, бассейн, универсальный зал с раздвижными трибунами для занятий баскетболом, волейболом и мини-футболом, открытые спортивные площадки для занятий легкой атлетикой и теннисом с общей пропускной способностью 40–60 человек в смену. Все залы будут оснащены современным спортивным оборудованием, отвечающим европейским стандартам.

Планируется, что на территории спортивного комплекса откроет свои двери гостиница с рестораном, лобби-баром, пресс-центром, конференц-залом. Спортивный комплекс будет иметь все условия для автономного проживания спортивных делегаций.

Инфраструктура спортивного комплекса позволит проводить в городе Актау мероприятия международного уровня, и, что особенно важно, повысит имидж и привлекательность региона.

НМСК «Казмортрансфлот» стремится выполнять взятые на себя обязательства по реализации политики социальной ответственности и постоянно ее совершенствовать. Мы и дальше намерены помогать жителям родного края, подавая позитивный пример подрастающему поколению. **М**



Дария-ғұмыр

*Сатыбалды НҰРЛЫБЕКҰЛЫ,
геологиялық барлау және мұнай
іздістіру саласының ардагері,
зейнеткер.*

бітіру, жерасты қабаттарындағы қысымның төмендеуіне жол бермеудің нақты шараларын күні бұрын белгілеу, механизмдер мен құрал-жабдықтардың бос тұрып қалуын болдырмау, әртүрлі сервистік мекемелерден келетін арнаулы техникаларды орны орнымен тиімді пайдалану, техника қауіпсіздігі, мұнай өндіру технологиясы ережелері мен талаптарын қатаң сақтау, өрт қауіпі және басқа да технологиялық жарылыс апаттарына жол бермеу сынды сан салалы істің басын біріктіру оңай емес. Дегенмен соның бәрін реттеп отыратын-ды.

1970, яғни бір жыл ішінде Өзен, Жетібайдан 12 миллион 401 мың тонна өндіріліп, осы жетістіктердің арқасында «қара алтын» өндіруден Қазақстан бұрынғы Кеңестер Одағы бойынша Әзірбайжанды келесі орынға ығыстырып, екінші орынға шыққан жұлдызды жылдары еді. Кеңес Одағын таңдандырған Өзен мұнайшыларының бұл ерлік істеріне Б.Ізтұрғанұлы да өзінің қомақты үлесін қосты. Ол сала ардагерлері Р.Өтесінов, О.Бердіғожин, В.И.Тимонин, Н.Марбаев, Ә.Бүркітбаев сияқты ағаларды қатты құрметтейтінін, қызметтес болған Ю.С.Корчагин, В.Г.Стремский, Д.А.Горюнов және басқа да көрнекті өндіріс ұйымдастырушыларынан көп үйренгенін үнемі айтып отыратын.

Обалы не керек, Кеңес үкіметі Бозашы сынды ең далада табылған жаңа кен орындарды игеруге бар күшін салды. Бұл істі атқаруға жалпы саны 8-ден астам одақтық және республикалық министрлік мен ведомстволарға қарасты көптеген мекемелер қатыстырылды, қаражат та жеткілікті дәрежеде бөлінді. Кен орнын игерудің кешенді жобасын дайындаумен КСРО мұнай министрлігінің бас және жетекші ғылыми зерттеу жобалау институттары шұғыл айналысты. Жобалық-сметалық құжаттары дайын болған бойда Ақтаудан кен орындарға баратын асфальт жол, жоғарғы кернеулі электр жүйесі, су және мұнай құбырларын тарту жұмыстары да бір мезгілде басталып кетті. Бұл жұмыстардың орындалуын басқарма, бірлестік, министрліктермен бірге жергілікті, республикалық және одақтық партия, кеңес органдары өз бақылауында ұстады.

Бозашы кен орындарынан алғашқы мұнай өндіру Қаламқас басталатын болып шешілді. Зерттеу қорытындысы бойынша Қаламқас кен орнының өзінің қоры жөнінен Маңғыстау өлкесі бойынша Өзеннен кейін екінші орындағы алып кен орындар қатарына жататындығы анықталды.

1979 жылы наурыз айында Қаламқас және Қаражанбас кен орындарынан мұнай өндіретін «Комсомольскнефть» мұнайгаз өндіру басқармасы құрылды, оның басқару аппараты қалада орналасқанымен, негізгі өндіріс, яғни мұнайды өндіру, жинақтау және тасымалдауға қажетті объектілер кен орны басында тұрғызылатындықтан жұмыс көлемінің басым бөлігі өз күштерімен атқарылуға тиіс болатын.

Жаңадан құрылып жатқан басқармаға басшылық жасауға бірлестік, министрлік ұйғаруымен және облыстық партия комитетінің қолдауымен Өзен кен орнында 13 жылдай жұмыс жасап, ұйымдастырушылық жұмысымен көзге түскен, талантты жас инженер-мұнайшы Б.Ізтұрғанұлы тағайындалды.

Бірінші басшы бірден мұнай өндіруші-операторлардан, жөндеушілерден жұмыс бригадаларын құру, геолог-барлаушылар қазған ұңғыларды қабылдау, оларды өзара құбырлармен байланыстыру, мұнай жинақтайтын, құрамындағы құм, су, басқада керексіз қосымшалардан айыратын қазандар мен қондырғылар тұрғызу, кен орынды іске қосудың сансыз көп, міндетті түрде орындауға тиісті жұмыстарына қызу кірісіп кетті.

Уақытпен санаспай, жанталасып атқарылған жұмыстар өз жемісін берді, көптің күші-бүкіл кеңес елі, республика қолдауымен сол 1979 жылдың қазанында жаңа кен орыннан Маңғыстау мұнай айдау магистралы құбырларына 5 мың тонна «қара алтын» құйылды.

1980 жылдың 4 қаңтарында Қаламқас мұнайы танкермен Ақтау портынан Баку қаласына жіберілді. Ал қазан айының басында басқарма бойынша бір миллион тонна мұнай өндірілді. Бұл дата облыс көлемінде салтанатты түрде атап өтілді.

Бекболат Ізтұрғанұлының тікелей араласуымен кен орында блок деңгейлері бойынша қабаттың мұнай қайтарымын арттыру мақсатында ПАВ қоспаларын айдайтын тәжірибелік бөлімше құрылды. Қаламқас кен орнын теңіз суы шайып кетуден сақтайтын, ұзындығы 32 шақырым болатын дамба құрылысы басталды. Кен орындарындағы жанға жайлы, типтік үлгідегі мұнайшылардың вахталық кенттерін арнаулы құрылыс мекемелері тұрғызғанмен, олардың жұмысын қадағалау басқарма басшысының міндеттеріне жатады. Кадр мәселесіне де үлкен жауапкершілікпен қарап, мекемеге қажетті жұмысшы, инженер техник мамандарды өзі білетін мұнайшылар арасынан алып қана қоймай, Бозашы түбегіндегі елді мекендерде

тұрып жатқан жергілікті жастарды да көптеп қабылдады. Бүгінде осы жастар қазыналы түбектің тәжірибелі мұнайшылар қатарын толықтырғанын зор мақтанышпен айта аламыз.

Бекболат Ізтұрғанұлы денсаулығы сыр бере бастаған 2013 жылдың аяғында мұнай саласындағы үздіксіз еңбегін 54 жылдық еңбек өтілімен аяқтады. Құрметті еңбек демалысына шыққаннан кейін де өндірістегі қызметтен қол үзген жоқ.

Бекболат Ізтұрғанұлы, жоғарыда жазғанымыздай, киелі Маңғыстаудың негізгі мұнай, газ кен орындары: Өзен, Қаламқас, Қаражанбас, Солтүстік Бозашы, Доңға және басқаларынан «қара алтын» өндіруді ұйымдастыруға басынан бастап қатысқан, өлкенің көрнекті мұнайшыларының бірі және олардың ішінде бірегейі екендігін облыс жұртшылығы жақсы біледі. Ерен еңбегі үшін оған түрлі жылдарда жоғарғы Отан марапаттары берілді.

Б.Ізтұрғанұлы қоғамдық жұмыстарға да белсене қатысты. Жаңаөзен – республикадағы моноқалалар қатарына жатады, оның салынуы және дамуы Өзен кен орнын игерумен тікелей байланысты. 14 жылдай кеніште жұмыс жасап, өндірістің барлық саласынан өткен ол елдік шаруаларға белсене араласты. Облыс көлеміндегі маңызды оқиғалардың басықасында жүрді.

Еңбек жолын геологиялық барлау және іздістіру саласынан бастап, жарты ғасырлық ғұмырын қазыналы түбектің жер асты байлығы – мұнай мен газды талмай іздеп, тауып, еселеп өндіруге жұмсаған, көрнекті өндіріс ұйымдастырушысы Бекболат Ізтұрғанұлының пәниден бақилыққа аттанғанына 4 жылдай болыпты.

Бекболаттың отбасына келсек, жұбайы Нұрмолдина Айкүләм, мамандығы математика пәнінің оқытушысы, зейнеткер, 4 ер баласы мен келіндері, 8 немересі бар. Олардың алды үйленді, одан 2 шөбересі бар. Кіші бала-келінінің қолында, әдемі қарт әжелік дәуренді бастан өткізуде. Балалары мұнай өндіру және оған қосымша қызмет көрсететін мекемелерде жасайды, олар 2017 жылы облыстық «Еңбек жолы» конкурсына қатысып, «Үздік еңбек әулеті» атағын жеңіп алды.

Б.Ізтұрғанұлының жарқын бейнесін есте қалдыру үшін, облыста ол еңбек еткен мұнайшылар мекемелері ұжымдары, бірге қызмет жасасқан әріптестері мен шәкірттері алдағы уақытта бірқатар игі шараларды қолға алуы керек деп ойлаймын. Ақтаудағы тұрған үйіне ескерткіш тақта орнату, Жаңаөзендегі мұнайшылар, Құрықтағы геолог-барлаушылар және облыстық өлкетану мұражайларында тақырыптық стендтер шығару, «Мұнайшы» қоғамдық қорының қолдауымен ғұмырнамалық кітап бастыру, тағы басқалары деген сияқты. Бұл шаралар оған қажет болмағанымен, Маңғыстаудың мұнайлы өлкеге айналуына өзінің лайықты үлесін қосқан, ардагер мұнайшы Бекболат Ізтұрғанұлы сияқты алып ағалардың жасампаз өмірі жолын білу, сондай болуға талпыну кейінгі жас ұрпаққа керек, біздің жастарымызға зор тәрбиелік мәні бар деп есептеймін. **М**



1980 жыл. Қаламқас кенорны. Б.Ізтұрғанұлы ардагер мұнайшы Р.Әлібаев бригадасымен сөйлесіп отыр



1980 жылы 2 қараша күні Бозашы түбегінде 1 млн тонна мұнай өндірілуіне арналған салтанатты митингте Маңғышлақ облыстық партия комитетінің екінші хатшысы В.Г. Савченко Қазақстан Компартиясы облыстық партия комитеті мен Халық депутаттарының облыстық кеңесі атқару комитетінің құттықтауын оқып, құрметті вахтаға тұрған мұнайшыларға жаңа еңбек табысын тіледі.



Аңыз адам – Ғазиз

Қойнауы құтты Өзен кенорны биыл өзінің 55 жылдық мерейтойын атап өтуде. Алып кеніш тарихының бастауында тұрған атақты мұнайшы Ғазиз Әбдіразақов бүгінгі күні Ақтау қаласында тұрады. 80-нің сеңгірінен асқан ардагер мұнайшыға біз арнайы барып, дидарласып қайттық. Оқырман назарына Өзен кенішінде ерекше өз қолтаңбасы бар, тағылымды өмір иесі ардагер ағамыз туралы мақаланы ұсынып отырмыз.

Бибігүл БӨБЕКБАЙ

Алып Өзен кенорнын тұңғыш ашқан Ғазиз Әбдіразақовтың балалық шағы қазақ мұнайының қара шаңырағы Атырау облысындағы Құлсары елді-мекеніндегі «Чапаев» колхозында өтті. Оның балалық шағы қиын-қыстау кезеңдермен тұспа-тұс келді... Колхоздың іліп алар азаматтарын сүм соғысқа тізіп алып кеткенде, әкесін шопан керек болады деп колхоз алып қалады. Әкесі қысы-жазы мігір таппай колхоздың малын шашау шығармай бағып, бекітілген жоспарын орындап, малдың етін, сүтін, жүнін үкіметке тапсырып отырады. Қолғанаттыққа жарап қалған Ғазиз де әкесіне көмегін көрсетті. Ерте еңбекпен пісті, шыңдалды. Бұл колхоз Құлсары мұнай кәсіпшілігіне жақын орналасқан болатын. Соғыс жылдары Ғазиздің анасы осы кәсіпшілікте бұрғышы көмекшісі болып абыройлы қызмет атқарады. Соғыс аяқталған соң, Ғазиз ауыл жігіттерінің мұнай туралы айтқан әңгімелерін тыңдап жүріп, өзі де осы салада жұмыс жасамақшы болып ниеттенеді. Бұл ойын әкесіне айтқанда, әкесі қарсылық білдірмеді. Бұл кезде әкесіне қолғабыс етуге өзінен кейінгі інілері Шәріп пен Жақсыбай да жарап қалған болатын.

Ол өзінің алғашқы еңбек жолын бұрғышының көмекшісі болып бастады. Жұмысы бұрғышының керек құрал-жабдықтарын дер кезінде жеткізіп тұру. Жас жігіт жұмысқа барлық ынта-жігерімен кіріседі. Ғазиз жұмыс жасап жүрген геологиялық іздестіру партиясына Гурьевмұнай басқармасынан Маңғыстауға көшу туралы нұсқау беріледі. Маңғыстау – Ғазиз ақсақалдың атамекені. Ғазиздер бойы қалың ұйқыда жатқан Маңғыстау түбегінде бірінші болып Форттан 40 шақырымдай жерде орналасқан Түбежік жерінде орнатылған «К-2» қондырғысы бұрғылана бастады. Ғазиз бригадаға бұрғышы болып жұмысқа кіріседі. Шебері Дүмбай Нұрболғанов, көмекшілері Кемал Өтесінов пен Қансұлу Денова болатын. Ғазиз тұңғыш бұрғының құлағын өзі ұстады. Тереңдігі 1000 метрдің о жағы мен бұ жағын құрайтын жер бұрғыланды. Геолог Ожақай Бегалиев бұрғының басынан бір елі алшақтамайды. Себебі, «Қазақстан мұнайы» комбинатының нұсқауымен алаңды крелиустық әдіспен бұрғылау белгіленген болатын. Бұрғылау мәліметтері Маңғыстауда болашақ барлау жұмыстарын жүргізу үшін ауадай қажет.

1959 жылдың 20 желтоқсанында Ғазиздің бригадасы Өзенге бару туралы нұсқау алады.

Сейсмологиялық зерттеулер нәтижесі бойынша Өзен, Жетібай аумағы келешегі бар алаңдар боп есептелінді. Маңғыстаудағы геологиялық-іздестіру жұмыстарын тиімді ұйымдастыру үшін Форттан «Маңғыстау мұнай газ барлау» тресі ашылды.

1960 жылдың басында Өзен жерінде тұңғыш

”

Ғазиз Әбдіразақов – Өзен кенорнында өз қолтаңбасы бар азамат. Оның есімі Маңғыстау мұнайы тарихында алтын әріппен жазылды. Маңғыстаудың алғаш жер байлығын көруді тағдыр Ғазиздің маңдайына жазды.

“

бұрғылау жұмыстары басталды. Ол Ғазиздің бұрғылау қондырғысы болатын. Қыста басталған бұрғылау жұмыстары жаздан кейін «К-7» бұрғылауы кідіріссіз қазылып, жобадағы 950 метр тереңдікке жетеді. Өкінішке орай, бұл жерден ешнәрсе табылмай, бригада 30 шақырым қашықтыққа жанкештілікпен көшіп, бұрғылау мұнарасын орнатады. Әлі есінде, қазіргі халық аузында «мұнайшылар қара шаңырағы» аталып кеткен Қызылсайда геолог-бұрғышылар 1961 жылы жаңа жылды тойлап, мәре-сәре болып жатқанда, Ғазиз бұл күнді «К-18» бұрғылау басында өткізді.

Ғазиз Әбдіразақов алғаш Жер ана байлығын жарыққа шығарып, қойнау құтын атқылатқан азамат. Ғазиз ол кезде өз есімінің Маңғыстау мұнайы тарихында алтын әріппен жазылатынын білген жоқ еді. Маңғыстаудың алғаш жер байлығын көруді тағдыр Ғазиздің маңдайына жазды.

Қазір ойлап отырса, айтқанға оңай болғанымен сол кездегі бұрғылау жұмысындағы проблема шаш-етектен. Су жоқ, құрал-жабдықтар тапшылығы өз алдына. Дегенмен Ғазиз басқарған бригада қажырлы еңбектің үлгісін көрсете отырып, алдыңғы орындардан көрініп жүрді.

Маңғаз Маңғыстау өңірінде Төреғали Қадыров, Тынышбай Опиев, Петров пен Кулебякиннің, Ғазиз Әбдіразақовтардың бұрғылау бригадаларындағы сайдың тасындай жас жігіттер жарыса еңбек етіп жатты. Бір қызығы мұнай саласында қолданылмаған технологияларды пайдалану да Ғазиздің үлесіне тиген болатын. Оның бұл тәжірибелерін облыстық, республикалық деңгейдегі басылымдар үсті-үстіне жазып жатты. Оның қайсыбір тәжірибелері бүкілодақтық деңгейде де қолданылып жатты. Ғазиздің жаңашылдығы басшылық тарапынан лайықты бағаланып, «Ленин» орденімен марапатталды. Өзен кенорнында Ғазиздің бұрғышының ізі түспеген жері кемде кем. Атап айтар болсақ, Өзен ойпатының батыс жағында Тасболат, солтүстік батысында Асар, Түрікмен ой, Бұрмаша, Таспас болып кете береді.

Жас кезінде отбасы жағдайына байланысты 7 жылдық білімнен ары қарай оқи алмаған Ғазиз Саратов мұнай техникумына түсіп, оны ойдағыдай бітіріп шығады. 1968 жылы ол Кәсіподақтардың Бүкілодақтық Орталық

Советінің мүшелігіне, ал 1971 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Советіне депутат болып сайланады. Тасы өрге домалаған Ғазиздің өңіріне «Октябрь Революциясы» ордені тағылады. Ерен еңбегінің арқасында, қайрат-жігерімен тас қайнататын құрыш текті Ғазиз 1973 жылы Бұрмаша алаңында №3 бұрғылауды қазып, 2500 метрден бірінші мұнай фонтанын алады. 1974 жылы «Социалистік жарыстың жеңімпазы», ал 1975 жылы «9 бесжылдықтың екпіндісі» атақтарына ие болды. 1999 жылы Елбасы Жарлығымен «Құрмет» орденін алды.

Ғазиз Әбдіразақов – Өзен кенорнында өз қолтаңбасы бар азамат. Оның есімі Маңғыстау мұнайы тарихында алтын әріппен жазылды. Маңғыстаудың алғаш жер байлығын көруді тағдыр Ғазиздің маңдайына жазды. Қадірлі ақсақалдың бойында байлығымен бүкіл әлемге танытып отырған Маңғыстауды мен ашып бердім деген астамшылықтың зәредей болса да көлеңкесін көрмейсіз.

Бүгінде дербес зейнеткер қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқытпай өсірген қос ұлынан 8 немере сүйген бақытты ата. 1977 жылы жарынан ерте айырылған Ғазиз: «Кем-кетіксіз ғұмыр кешетін пенде жоқ, кең әлемнің кем-тарлығы болмай тұрмайды. Сонда да, о, дариға біраз жыл отасқан жұбайыңнан айырылу жалғанда қиын екен» дейді өткен өміріне көз жүгірте отырып, өткенге көз салса, бәйбішесі екеуі біреуден ілгері, біреуден кейін дегендей қоңыртөбел ғана тіршілік кешіпті. Уақыт ұрлықшы ғой... Темір етікті теңге, темір таяқты тебен қылған жастық шақ, қолдан ұшқан бір ақсұңқар, енді қайтып келмейтіні барша пендеге мәлім. Құлдырап қашқан желаяқ заманға кімнің өкпесі жүрмек. Болған кезінде аспайтын, болмаған кезінде саспайтын адамдар болады. «Сұраусыз келген дүниядан без. Құдай алдыңа түбі бір келтіреді» деген ұстаныммен өмір сүрген Ғазиз осындай адамдар қатарынан.

«Нағыз адамгершілікті азамат бәріне өз еңбегімен қол жеткізеді» дейді қытай ойшылы Конфуций. Мақала кейіпкері, жер қойнауынан «қара алтын» кенін ашқан Ғазиз Әбдіразақов бәріне өз еңбегімен қол жеткізген азамат. **М**



Жас мамандар тал көшеттерін отырғызды

Маусым айында Қаражанбас кен орнында компанияның жас мамандар кеңесі игілікті шаруа атқарды. Мұнайшылар қалашығын жасылдандыру бойынша олар елеулі үлес қосып, жатақхана мен мәдени демалыс орталығы аумағына 52 тал көшеттерін отырғызды.

Жас мамандар кеңесінің мүшесі Әсел Айтжанованың айтуынша, бұл іске жас мамандар белсенді атсалысқан. «Жалпы,

кен орнына тал егу жұмыстары жыл сайын жалғасып келе жатқаны белгілі. Оның ішінде мұнайшылар қалашығынан бөлек, цех аумақтарын жасылдандыру жүйелі жолға қойылған. Осы орайда, жас мамандар өз үлестерін қосып, осы іске жұмыла кірісті. Мұндағы мақсат – саялайтын тал санын көбейтіп, оның күтіміне де бей-жай қарамау», – дейді жас қызметкер. **М**

Оперативно и слаженно

На Атырауском нефтеперерабатывающем заводе прошли учения по оказанию первой медицинской помощи на месте происшествия, доврачебной помощи и медико-санитарной помощи в медицинской организации. В учениях были задействованы силы и средства ТОО «Медикер-Жайык» (заводского здравпункта), АО «Интертич», пожарной аварийно-спасательной части №16 ФАО «Өрт сөндіруші». Также в учениях принимали участие служба безопасности и охраны труда АНПЗ, служба производственного контроля, отдел управления персоналом. Всего было задействовано 36 человек личного состава, три боевых расчета ПАСЧ №16, две газоспасательные машины, три машины скорой помощи.

За ходом учений наблюдали представители дочерних и зависимых организаций АО НК «КазМунайГаз»: АО «КазГерМунай», АО «ЭмбаМунайГаз», АО «КазТрансОйл», АО «Павлодарский НХЗ», АО «ПетроКазахстан Ойл

Продакт», АО «Интергаз Центральная Азия», АО «СП «Caspi Bitum» и других.

По замыслу, на установке ParomaX комплекса ароматических углеводородов из-за разгерметизации технологического оборудова-



произшел хлопок с последующим возгоранием. В результате этого случилось разрушение и падение части трубопровода шлемовой линии колонны С-605, которой придавило оператора технологической установки. Один из машинистов получил термический ожог, другой взрывной волной был отброшен на три метра от места хлопка. После звонка диспетчера завода о возникновении аварийной ситуации на установке РХ и о том, что пострадали люди, к месту вызова оперативно выехала медслужба ТОО «Медикер», АО «Интертич», пожарная и газоспасательная техника. Для извлечения пострадавшего из-под обломков трубы спасатели ПАСЧ-16 с помощью гидравлического инструмента помогают медикам, которые переключивают пострадавшего на носилки, укладывают в машину скорой помощи, оказывают первую

помощь и транспортируют в профильное медицинское учреждение. Также первая помощь оказывается пострадавшим машинистам установок, которых незамедлительно перевозят в травмпункт. Параллельно с этим пожарные выдвигаются к месту горения нефтепродукта. Одна группа изолирует место горения пеной, другая команда тушит возгорание до полного прекращения горения продукта. После проведенного разбора учения действия оперативных служб были оценены на «отлично». Присутствующий на учениях со-управляющий директор охраны труда и окружающей среды КМГ К.Сактаганов в завершение отметил высокую подготовку служб АНПЗ к учениям, прошедшим на достойном уровне. По его словам, все ДЗО компании должны перенять практику проведения подобных регулярных тренировок. **NI**



120 жыл
КАЗАХСТАН МҰНАЙЫНА

ҚМГ спартакиадасы: Атырауда I топ іріктеу турнирі мәресіне жетті

Атырауда Қазақстан мұнайының 120 жылдығына арналған «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының еншілес және тәуелді ұйымдары арасында спартакиаданың I тобының іріктеу кезеңі өтті.

Екі күнге созылған додада «Ембімұнайгаз» АҚ, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «Қазгермұнай» БК» ЖШС, «Argumak Trans Service», «Тұлпар Мұнай Сервис», «Технологиялық бақылау және ұңғымаларға қызмет көрсету» (ТБЖҰҚК) компанияларынан 200-дей спортшы жарыс алаңдарына шықты.

Сегіз спорт түрінен, атап айтсақ, кіші футбол, баскетбол, волейбол, үстел теннисі, армрестлинг, тоғызқұмалақ, шахмат, жүзуден жарыстар облыс орталығындағы төрт спорттық нысанда өтті. «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков спартакиа-

да қатысушыларына қош келдіңіз айтып, алғысын білдірді.

– Бұл жарыс дәстүрге айналды. Себебі, бұл спорт додасы жыл сайын «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы тобы қызметкерлерінің корпоративтік рухын өсіріп, әріптестер арасында ауызбіршілік пен достықты қалыптастырады. Биыл бұл спартакиада Қазақстан мұнайының 120 жылдығына арналып отыр. Өздеріңіз білесіздер, қазақ мұнайының тарихы Атырау жеріндегі Қарашұңгіл кен алаңында мұнайдың атқылауынан басталды. 120 жылдық ме-



рейтой қарсаңында сіздерді қарсы алып отырғанымызға қуаныштымын, – деді Ә.Жақсыбеков.

Барлық жүлдегерлер диплом, медаль, кубоктармен марапатталды. Сонымен қатар, жүлделі I орынды иемденген қызметкерлер «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Спартакиадасының финалдық кезеңіне жолдама алды. Командалық спорт түрлері бойынша үздік

ойын көрсеткен мұнайшылар жекелеген номинациялар бойынша марапатталды.

Шараның жабылу салтанатында жарысқа қатысушы компаниялардың өкілдері сөз алып, іріктеу турнирінің өте тартысты және ұйымшылдықпен өткенін атап өтіп, ұйымдастырушы «Ембімұнайгаз» компаниясының басшылығы мен ұжымына алғыстарын білдірді. **NI**





Отбасылық сайыс өтті

Отбасы – әрқайсымыздың өмірімізде ең басты орын алады. Біз отбасымызда сүйіспеншілікке, жауапкершілікке, қамқорлық пен сыйластыққа үйренеміз. Нақ осындай қасиеттерді «ПетроҚазақстан» отбасылық марафонының қатысушылары көрсете білді. Аталған шара маусымның 16-ы күні «Арай-Санрайз» балалар тынығу лагерінде өтті.

Жарысқа 5 команда қатысты, олар: Фабит Жәкебаевтың отбасы («Сұңқар» командасы), Сәбит Сұлтаннның жанұясы («Жоғары лига» командасы), Фабит Нұрқожаевтың отбасы («Нұр айты» командасы), Әділжан Молдабековтың отбасы («Әлем» командасы) және Айжан Толыбекованың отбасы («Үш А» командасы).

Отбасылық марафонның бағдарламасы вело-жарыс және спорт эстафетасынан тұрды. Таңғы сағат 10:00-де барлық команда сапқа тұру үшін шақырылып, көңілді, жалынды флешмобтан кейін жарыстар басталды. Қатысушылардың жүздерінен толқу сезімі байқалып тұрды, бұл түсінікті де еді, себебі күнде аяқты педальға

салып, жарысқа шығудың сәті түсе бермейді ғой. Веложарыс қорытындысы бойынша 1-ші орынды «Жоғары лига» командасы, 2-ші орынды – «Сұңқар» және 3-ші орынды «Нұр Айты» иеленді. Ынталандыру үшін берілетін 4-ші орын «Әлем» командасының еншісіне бұйырды.

Веложарыстан соң қатысушылар жасанды жамылғы төселген жаңа футбол алаңына бет алды. Бұл жерде олар қаппен секіру, шығыршықтағы өткел, бадминтон воланын жүргізу бойынша өзара сайысқа түсті.

Спорт эстафетасында «Нұр Айты» командасы жеңімпаз атанды, екінші орынды «Үш А» командасы алса, ал үшінші орынға «Жоғары лига» жайғасты.

«Марафонды керемет ұйымдастырып, ойдағыдай өткізу идеясы үшін, тамаша сыйлықтар, фотосуреттер мен жайылған дастархан үшін зор ризашылығымды білдіремін! Мұндай іс-шаралар отбасы мен ұжымды ұйыстырады. Біз бүкіл отбасымызбен уақытты тамаша өткіздік, көңіл күй мен әсер дегеніңіз көл-көсір. Мен отбасылардың ойындарға ынты-шынтымен берілгендігіне, балақайлардың бір-біріне жанкүйер болғандығына және қолдау көрсеткендігіне куә болдым» – деп өз ойымен бөлісті «ПҚОП» ЖШС салықтар жөніндегі менеджер Сәбит Сұлтан.

Шара соңында марафон жеңімпаздарына бағалы сыйлықтар тапсырылды. **MI**

Приключения начинаются!

В детском оздоровительном центре «Алау» состоялось традиционное открытие летнего сезона. Вот уже более 30 лет лагерь, расположенный на берегу Каспийского моря является основным местом отдыха детей работников акционерного общества «Мангистаумунайгаз». И из года в год по неизменной традиции каждый новый поток отдыхающих мальчишек и девчонок принимает участие в торжественной церемонии открытия летнего сезона.

Есназар СУЛТАНОВ

мальчишек и девчонок ожидают экскурсии в музеи и аттракционы, спортивные игры и познавательные конкурсы, здоровое питание и чистейший воздух, знакомство с новыми друзьями и ласковые волны Каспийского моря.

В этом году помимо детей нефтяников в лагере «Алау» отдыхают и ребята из малообеспеченных семей. «Мангистаумунайгаз» приобрел 130 путевок для мальчишек и девчонок из Каракиянского, Мангистауского и Мунайлинского районов.

И можно не сомневаться – ребят ждет много смеха, веселья и улыбок. Эти каникулы точно будут незабываемыми! **MI**

Старт летнего сезона получился красочным и насыщенным: вожатые разыгрывали театральные сценки из мультфильмов, исполняли музыкальные номера и песни, проводили спортивные и тематические конкурсы. Скучно не было никому, в том числе и родителям, которые специально приехали на церемонию открытия.

В одну смену в лагере «Алау» отдыхают 260 ребят, а всего же за лето оздоровительный центр примет почти 1000 детей нефтяников «Мангистаумунайгаз». В течение двух недель



МЕНШІК ИЕСІ:
«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ
Газет Қазақстан Республикасы
Ақпарат және коммуникациялар
министрлігінде есепке қойылып,
№ 17496-Г куәлігі берілген.

Мекен-жайымыз:
010000, Нұр-Сұлтан қаласы,
Қабанбай батыр даңғылы, 19 үй,
А блогы, 4 қабат, 0406 бөлме.

- ✓ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- ✓ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды.
- ✓ «Мұнайлы мекен» газетінде жарияланған материалдар көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- ✓ Жарияланған суреттердің сапасына редакция жауап береді.

Шығарылымды дайындауға қатысқандар:
Бағлан Айдашов – B.Aidashov@kmg.kz
Ұлан Смаилов – U.Smailov@kmg.kz
Рәмир Нигматулин – R.Nigmatulin@kmg.kz
Жаңагүл Серікова – Zh.Serikova@kmg.kz
Ақсана Джапарова – A.Japarova@kmg.kz
Диана Қалқамбекова – D.Kalkambekova@kmg.kz

Байланыс телефоны: +7 (7172) 78 91 49
e-mail: mm@kmg.kz

Газет айына 1 рет шығады,
Таралымы 10 000 дана

МЕРДІГЕР: «Samruk invest group» ЖШС
Астана қ-сы, Сарыарқа даңғылы,
41-үй, 476 кеңсе.
Тел.: +7 (7172) 68 00 79